

**Мәскеу және бүкіл Ресей Патриархы КИРИЛЛДЫҢ
архипастырларға, пастырларға, диакондарға, монах қызметіндегілерге
және Орыс Православие Шіркеуінің барлық адал балаларына
Пасхалық жолдауы**

**Аса қасиетті архипастырлар, құрметті пастырлар мен диакондар, тақуа
иноктар мен инокинялар, қымбатты бауырлар мен қарындастар!**

Пасхалық қуаныш пен ғажайып нұрға толы *осы белгіленген және киелі күні ауыздан ауызға, жүректен жүрекке ХРИСТОС (МӘСІХ) ТІРІЛДІ!* деген *жасампаз игі хабар таралмақ.*

Біз бұл сөздермен Қасиетті жұмада Крестің алдында Тұрушыға, шәкірттері мен миро тасыған әйелдермен бірге зарлаған, Жамылғы алдында құлшылық Етушіге мызғымас сенімімізді білдіреміз. Бүгінгі таңда жердегі және аспандағы Шіркеу тұтастығын білдіре отырып, Сансыз Періштелермен салтанатты түрде паш етеміз: *«әлемді құтқару күні, себебі Мәсіх (Христос) тірілді, ол құдіретті»* (Пасха каноны, 4-ші ән ирмосы).

Иеміздің Пасхасы – Құдайдың құдіреті мен Жаратушының адамзат баласына деген шексіз махаббатының жарқын куәсі. Өзіміз білетіндей, тарихтың басы рухани трагедиямен қапаландырды: арғы ата-бабаның күнәға батуымен адамзат үшін Жұмақ есігі жабылды, ал сол кезден бері азап пен өлім адамзат күнахарлығының шарасыз салдары болды. Адамдар Өмірді Жаратушыны - Құдайды естен шығарса да, Оның мейірімі мен махаббатынан айырылған жоқ.

Сонымен қатар, XIV ғасырдың әулиесі Николай Кавасила айтқандай, *«Құдайдың махаббаты шексіз еді, ал оны көрсететіндей еш белгі болмады»* (Мәсіх өмірі туралы жеті сөз. VI сөз). Махаббат жақынына жақсылық жасауға және ол үшін өз еркіңмен ауыртпашылық, таршылық, тіпті азап та шегуге дайын екенін білдіреді, және Құтқарушы соның барлығын мәлімдейді. Өз Болмысымен Ол күнәмен ластанған адамзат табиғатын жаңартады, Крест ерлігімен бізді зұлымдық билігінен құтқарады. *«Осылайша біз Мәсіхпен өмір сүреміз, - дейді аса құрметті Ефрем Сирин, – тоғай жемісі орнына Құдайдың денесін таттық..., Оның қасиетті қаны қарғыс-қасіреттен тазартады және қайта тірілту үміті арқылы... Оның өмірін сүреміз»* (Төрт Інжіл түсіндірмесі, 21).

Құтқарушының қайта тірілуі адамзат үшін Аспан Патшалығының қақпасын ашып, жердегі өмірімізді қайталанбас мағынаға толтырды. *Құдай Өзін мейірім үлгісі ретінде барлық табынушыларға арнады және мәңгілікке ие болды, оның артынан барлық құтқарылатындар ерді, - деп жазады Ол туралы аса құрметті Тәубеге келтіруші Максим (Амбигвы, 42).* Ал ол үшін біз, өмірімізді Інжілге бағыттай отырып, Құдайдың ұлы жерұйығының мұрагері - Киелі Шіркеу Ғажайыбына қатыса отырып, оның істерімен адамды

байланыстыра келе, осы жер бетінде мәңгілік ауасымен тыныстауды үйренуіміз керек (Кол. 3, 9).

Құтқарушының Қайта тірілуіне деген сенім тұрмыстың тауқыметін басады, тіршілік қарбаласынан жоғары тұруға мүмкіндік туғызады, күнә азғыруынан бас тартуға және әртүрлі қорқыныштарды жеңуге көмектеседі. Құдайдың махаббатына біз *«шын жүректен сүйіспеншілік, таза ар-ұят пен кіршіксіз сенім»* білдіруге тиістіміз (1 Тим. 1, 5). Оның мейірбандығына – біздің айналамыздағы адамдарға мейірімді болуымыз керек. Оның қамқорлығына – қоғамдық өмірді ұлы евангелие үлгілеріне сәйкес құруға ат салысуымыз керек.

Пасхалық салтанат, ұлттық және мемлекеттік шектеусіз, әртүрлі елдерде өмір сүретін миллиондаған христиандарды рухани біріктіреді. Бұл жер бетіндегі көпдауысты хор тәнсіз шексіз Аспан Күштерімен бірлесе, *барлығы үшін Өз Қанын төккен және өмір берумен өмірді сақтап қалған Иисус (Иса) Құдайға мадақ айтады* (Октоих. 6 дауыс, стихирлер сенбінің таңында).

Бұл шүкіршілік жылдан жылға, ғасырдан ғасырға, мыңжылдықтан мыңжылдыққа бүкіл жер бетінде жасампаз болмақ – ешқандай арандатушылыққа, ауыртпалықтар мен сынақтарға қарамастан жар салады. Ол қырғын індет орын алған әлемде бүгін де өшпек емес.

Бүгінгі таңда орын алған күрделі кезеңде ауру-сырқау, дәрменсіз жандарды, туыстары мен жақындарынан айрылғандарды, өмір сүруге жағдайы жоқтарды, шіркеуге келуге мүмкіндігі жоқ жандарды қолдау аса маңызды. Мәжбүр жандарға көмек қолын созайық, адамгершілік қолдауға, қамқорлық пен мейірімге зәру адамдарға немқұрайлы болмайық.

Жақында ғана, індет шараларының салдарынан көптеген адамдар құдайға құлшылық қылу мүмкіндігінен айрылды. Тәжірибе көрсеткендей, бірлескен ғибадаттарға, құлшылықтар мен киелі Ғажайыптарға және де бізді Мәсіхпен және бір-бірімізбен біріктіретін таңғажайып Евхаристияға қатысу үшін кез келген мүмкіндікті бағалау және пайдалану маңызды.

Менің қымбаттыларым, сіздерді ұлы Пасха мейрамымен құттықтаймын және сіздерге Өмір беруші Иисустан (Иса) зор денсаулық пен берекелі молшылық тілеймін. Мейірімді Иеміз бәрімізге Өзінің Патшалығының уақытында Оған шынымен жақындауға және қуанышпен жар салуға лайықты етсін:

ХРИСТОС ТІРІЛДІ! ШЫНЫНДА ҚАЙТА ТІРІЛДІ!

МӘСКЕУ ЖӘНЕ БҮКІЛ РЕСЕЙ ПАТРИАРХЫ

*Христос
Пасхасы,
2021 жыл*